Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X

ТҮРІКТАНУ/TURKOLOGU/ ТЮРКОЛОГИЯ

ХҒТАР 17.09.91
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-6887/2026-156-3-XXX-XXX

АБАЙДЫҢ «ҒАҚЛИЯ» КІТАБЫНДАҒЫ БАЙЫРҒЫ ЛЕКСИКА: ТҰҒРҰЛ ҚОЛЖАЗБАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ МӘТІНТАНУЛЫҚ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Б.О. Бутеев

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: bateu.astana@yandex.kz

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының «Ғақлия» кітабындағы байырғы лексика Тұғрұлдың түпнұсқа қолжазбасы негізінде қарастырылады. Зерттеу барысында қолжазба мәтіні төте жазудағы түпнұсқадан тікелей оқылып, ғылыми транслитерация негізінде оның лексикалық және мәтінтанымдық ерекшеліктері анықталады. Салыстырмалы талдау нәтижесінде Тұғрұл қолжазбасы мен Мүрсейіт Бікіұлының 1906, 1907 және 1910 жылдары көшірген нұсқалары арасында лексикалық, фонетикалық, морфологиялық және семантикалық деңгейлерді қамтитын екі жүзге жуық мәтіндік айырмашылық анықталды.

Қолжазба материалдарын қайта зерделеу кезінде кейінгі басылымдарда орныққан бірқатар оқылымдардың түпнұсқа мәтінге сәйкес келмейтіні байқалды. Атап айтқанда, «ынтымақтаса алмаса», «әрбір мастың сөйлеген кезінде», «жас бала анадан туғанда», «берекелесе алмаған соң» түрінде беріліп жүрген қолданыстар Тұғрұл нұсқасында «инанмаққа салмаса», «айыққан кезінде», «жас бала да анадан туғанда», «бір келе салмаған соң» түрінде таңбаланған. Салыстырмалы талдау аталған айырмашылықтардың кездейсоқ емес екенін және олардың Абай мәтінінің тілдік және мағыналық ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік беретінін анықтады. Зерттеу нәтижелері Тұғрұл қолжазбасының маңызды мәтінтанымдық дереккөз ретіндегі құндылығын айқындап, Абай шығармаларының мәтінін қолжазба нұсқалары негізінде одан әрі ғылыми тұрғыдан зерделеудің маңызын көрсетеді.

Түйін сөздер: Абай, Ғақлия, Тұғрұл қолжазбасы, Мүрсейіт қолжазбасы, мәдени мұра, байырғы лексика, мәтінтану, аударма.

Кіріспе

2025 жылы Абай Құнанбайұлының өмірі мен мұрасын зерделеу ісінде бірқатар маңызды мерейтойлар аталып өтті. Солардың қатарында ақынның туғанына 180 жыл толуы және ұлы Тұғрұлдың 150 жылдық мерейтойы бар. Бұл даталар Абай әулетінің рухани мұрасын жаңа қырынан қарастыруға және бұрын ғылыми айналымда жеткілікті дәрежеде пайдаланылмаған дереккөздерге назар аударуға негіз болды.

Түсті: 03.01.2026; Мақұлданды: 25.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

Осындай дереккөздердің бірі – Тұғрұлдың қолжазбасы. Қолжазба тарихи ескерткіш ретінде ғана емес, Абай шығармаларының мәтіндік тарихын нақтылауға мүмкіндік беретін маңызды материал ретінде де қызығушылық тудырады. Оның ғылыми құндылығы, ең алдымен, Абай мәтіндерінің кейінгі көшірмелерінде орын алған өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беруімен байланысты.

Соңғы жылдары Абай шығармаларына деген қызығушылық айтарлықтай артты. Ақынның қара сөздері көптеген тілдерге аударылып, әртүрлі ғылыми және мәдени жобалардың нысанына айналды. Соған қарамастан, мәтіндердің түпнұсқалық сипаты мен жекелеген лексикалық ерекшеліктері әлі де толық зерттелді деп айту қиын.

Осы мақалада Тұғрұл қолжазбасындағы мәтіндік деректер негізінде Абайдың «Ғақлия» кітабында кездесетін байырғы лексикалық бірліктер қарастырылып, кейінгі басылымдардағы жекелеген оқылымдармен салыстырылады. Негізгі назар мәтіннің мағынасына әсер ететін лексикалық және семантикалық ерекшеліктерге аударылады.

Ақынның 175 жылдық мерейтойы COVID-19 пандемиясымен тұспа-тұс келуі, Абай шығармаларын оқу бойынша ауқымды онлайн-эстафетаның өткізілуіне түрткі болды. Бұл рухани бастамаға республика тұрғындары мен шетелдік оқырмандар белсенді түрде қатысты. Осылайша Абай мұрасына деген қызығушылықтың артуы мемлекет тарапынан жаңа аудармаларды бастауға негіз болды. Біздің есептеуіміз бойынша, қолданыстағы 44 аударманың 32-сі дәл осы 2020 жылы жарық көрген [1, 85-106; 2]. Абайдың қара сөздері түркі тілдерінің басым көпшілігіне, сондай-ақ вьетнам, иврит, индонезия, португал, нидерланд және бірқатар өзге тілдерге аударылды. Әлемнің әр түкпірінде оның есімімен аталатын саябақтар, аллеялар, білім беру мекемелері мен мәдени орталықтар ашылды.

2025 жылғы 5 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қол қойған «Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлықтың қабылдануы Абайдың «Қара сөздерін» жалпыұлттық нышан ретінде айқындап қана қоймай, ұлттық рухани бағдарды нақтылап, маңызды тарихи межеге айналды [3].

Осы мақалада Абай Құнанбайұлының «Ғақлия кітабындағы» бұрын қате оқылып, қате түсіндірілген байырғы лексикалық бірліктер Тұғрұл қолжазбасына сүйене отырып алғаш рет жүйелі түрде зерделенеді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бүгінгі таңда Тұғрұлдың қолжазбасының түпнұсқасы Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейінде «Қазақтың атақты ақыны, Абай Құнанбайұлы» атауымен КП-3119 инвентарлық нөмірімен сақтаулы. Қолжазбаның көшірмесі кейін Семей қаласындағы Абай музейінің қорына тапсырылған. Осы көшіру және қор құжаттарына тіркеу барысында қолжазба «Қазақтың біртуар ақыны – Абай Құнанбайұлы» деген атаумен рәсімделіп, оған КП-6714 инвентарлық нөмірі берілген. Қолжазбалардың мазмұны мен мәтіндік құрамын салыстыру олардың бір дереккөзден тарайтынын көрсетеді.

Зерттеу барысында Ұлттық орталық музейдегі қолжазба нұсқасының бір бөлігі зерделеніп, негізгі тұжырымдар осы мәтіндік материал негізінде жасалды. Зерттеуде салыстырмалы-мәтінтанулық, лексика-семантикалық және тарихи-лингвистикалық әдістер қолданылды.

Тұғрұлдың есімі мен қолжазба мұрасы ғылыми ортада ұзақ уақыт бойы кеңінен зерттелмей келді. Соған қарамастан, оның Абай шығармаларына қатысты қалдырған материалдары абайтану үшін құнды дереккөздердің бірі болып саналады. Әсіресе 1927 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейіне тапсырылған қолжазба мәтінтанулық зерттеулер тұрғысынан ерекше назар аударуды қажет етеді [4, 555].

Қолжазба құрылымы оның мазмұндық ауқымын көрсетеді: 243 беттің 169 беті өлеңдерге, 31 беті естеліктерге, 43 беті қара сөздерге арналған. Осы материалдардың ішінде «Ғақлия» мәтіндері жеке зерттеу нысаны ретінде айрықша қызығушылық тудырады, өйткені олар Абай мәтіндерінің ертеректегі нұсқаларын сақтаған.

Бейсенбай Байғалиев ұсынған жіктеу бойынша абайтанудың даму тарихы үш кезеңнен тұрады [5, 7-8]. Алайда Тұғрұл қолжазбасының ғылыми айналымға енгізілуі Абай мұрасын зерттеудің жаңа бағытын қалыптастырды деуге негіз бар. Өйткені бұл материал бұрыннан қалыптасқан мәтіндік оқылымдарды қайта тексеруге және кейбір тұжырымдарды нақтылауға мүмкіндік береді.

2020 жылы қолжазбаның толық жариялануы зерттеушілер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Сонымен бірге түпнұсқа мәтін мен жарияланған транскрипциялық нұсқаларды салыстыру барысында бірқатар алшақтықтардың бар екені байқалды. Мұндай жағдайлар мәтіндік деректерді қайта қарастырудың және қолжазба материалдарын түпнұсқа күйінде зерделеудің өзектілігін көрсетеді.

Жүргізілген салыстыру барысында жекелеген транскрипциялық нұсқалардың түпнұсқа мәтіндегі кейбір лексикалық, фонетикалық және семантикалық ерекшеліктерді толық сақтамағаны анықталды. Сондықтан Абай шығармаларын араб графикасындағы қолжазбалар негізінде қайта қарастыру мәтінтанулық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Түпнұсқа қолжазбалар мен кейінгі транскрипциялық нұсқаларды салыстыру барысында жекелеген мәтіндік алшақтықтар анықталды. Мұндай айырмашылықтар көбіне сөздердің графикалық берілуіне, лексикалық құрамына және мағыналық реңктеріне қатысты болып келеді. Абай өмір сүрген кезеңдегі тілдік қолданыс қазіргі әдеби нормаға толық сәйкес келе бермейтіндіктен, кейбір сөздер мен тіркестердің кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшырауы табиғи құбылыс болып саналады. Дегенмен мұндай өзгерістер мәтіннің бастапқы мағынасына әсер етуі мүмкін.

Қолжазбалардағы жекелеген оқылымдардың әртүрлі берілуі мәтінтанулық талдауды күрделендіреді. Әсіресе бір сөздің немесе тіркестің бірнеше нұсқада кездесуі олардың қайсысы түпнұсқаға жақын екенін қайта қарастыруды талап етеді. Сондықтан қолжазба материалдарын зерттеу барысында мәтіннің тарихи, тілдік және мәдени контексті қатар ескерілуі қажет. Бұл ескертпелер бұрын жарияланған еңбектердің ғылыми маңызын төмендету мақсатында айтылып отырған жоқ. Керісінше, қолжазба материалдарын қайта қарастыру барысында анықталған мәтіндік ерекшеліктерді көрсету көзделеді. Өйткені Абай шығармаларындағы әрбір лексикалық бірлік пен тұрақты тіркес оның дүниетанымы мен авторлық қолданысын түсіндіруде маңызды дерек қызметін атқарады.

Қазіргі таңда Абай мәтіндерін түпнұсқа қолжазбалар негізінде қайта қарастыру қажеттілігі айқын байқалады. Мұндай жұмыс араб графикасымен жазылған нұсқаларды жаңа транскрипциялармен салыстыруға ғана емес, мәтіннің бастапқы лексикалық және стильдік ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулер абайтанудың деректік базасын толықтыра түседі.

Мақала Абай Құнанбайұлының «Ғақлия» кітабындағы байырғы лексиканы талдауға арналған. Ақын мұрасын зерттеуде ұзақ уақыт бойы негізгі дереккөз ретінде 1906, 1907 және 1910 жылдары Мүрсейіт Бікіұлы көшіріп жазған қолжазбаларға сүйеніп келдік. Ал Тұғрұлдың қолжазбасы объективті себептерге байланысты ұзақ уақыт бойы ғылыми зерттеулер аясынан тыс қалып қойды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде Тұғрұл қолжазбасы мәтінінің байырғы лексикасы, тілдік құрылымын және мағыналық реңкі өзгеше қырынан көрсетілді. Бұл айырмашылықтар Ғақлия мәтіндерін зерттеуде Тұғрұл қолжазбасының маңызды дереккөз ретінде қарастырылуына негіз болады [6], [7].

2025 жылы «Өтүкен» баспасынан (Ыстанбұл қ.) профессор Ибраһим Шахинмен бірлесіп әзірленген «Akıl Yolu. Abay Kunanbayulı» («Ақыл жолы. Абай Құнанбайұлы») атты еңбек жарық көрді. Аталған басылымда түрік тіліне жасалған аудармамен қатар, Абай Құнанбайұлының «Ғақлияның» дәл әрі ғылыми талаптарға сай транскрипцияланған мәтіні алғаш рет ұсынылған [8].

Сонымен қатар қолжетімді түпнұсқа материал негізінде Тұғрұл мен Мүрсейіт қолжазбалары арасында салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу барысында шамамен 200-ге жуық текстологиялық айырмашылық пен қателер анықталды [6, 7, 8]. Мақаланың шектеулі көлеміне байланысты айырмашылық пен сәйкессіздіктердің бір бөлігі ғана ұсынылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып біте берсе, яки екеуі инанмаққа салмаса үстінен біреуді сайлап алып яки жеребеменен сайлап алса сонда дау ұзамай бітім болар еді» [8, 40]. Бізге жеткен барлық жинақта «инанмаққа салмаса» тіркесінің орнына «ынтымақтаса алмаса» тіркесі қолданылуда. Алайда Тұғрұл қолжазбасында бұл тіркес «инанмаққа салмаса» түрінде кездеседі. «Инанмақ» сөзі Абай сөздік қорына, Абай қаламына тән сөз. Мұнда «инанмақ» – көнеден бастау алған түркі сөзі, сену, илану, мойындау ұғымымен тоқайласады. Тұғрұл нұсқасындағы қолданыс Абайдың билікке қатысты ойларын түпнұсқа мағынасына жақынырақ түсіндіруге мүмкіндік береді.

ISSN: 2616-6887. eISSN: 2617-605X

«Әрбір байқаған адам білсе керек, күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғапыл көп өтетұғынын, уә әрбір мастың айыққан кезінде басы ауыратұғынын» Тұғрұлдың қолжазбасында жазылған бұл сөйлемде бос, арзан күлкімен жүрген адамды бейне бір мас адамға теңейді [8, 42]. Яғни, мас адамның мастықтан айыққанда басы ауырып, мазасы қашатыны сияқты, алтын уақытын жай арзан күлкімен өткізген адамның есін жиғанда бейне жаңағы мас адам сияқты уақытын ғапыл жібергеніне өкініп басы ауыратынын айтып отыр. Бүгінде академиялық басылымдар мен кең таралған мәтіндерде «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын» деп жазылып, «айыққан» сөзінің орнына «сөйлеген» деп жазылған [11]. Бұл сөйлемнің мағынасына үңілсеңіз, көп сөйлейтін мас адамның елді мезі етіп, бас ауыртатынын айтып отыр. Қарастырылған Тұғрұл қолжазбасында аталған сөз «айыққан» түрінде берілген. Тағы бір ескеретін маңызды жәйт – Мұхтар Әуезовтің 1933 жылы латын қарпімен жариялаған нұсқасында дәл осы форма – «айыққан» түрінде кездеседі. Семантикалық тұрғыдан алғанда «айыққан кезінде басы ауыратұғынын» деген тіркес – күлкі мен мастықты теңдестіре отырып, оның салдары туралы ой айтудың көркем әрі пәлсапалық тәсілі. Ал «сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын» нұсқасы мәтіннің жалпы мағыналық желісімен толық үйлесе бермейді. Соның салдарынан мәтіндегі бастапқы мағыналық байланыстардың бір бөлігі көмескіленуі мүмкін.

«Күндік өмірің болса, түстік мал жый», «Өзіңде жоқ болса, атаң да жат» [8, 46]. Абайда кездесетін тосын (окказионал) сөздер де жиі кездеседі [12, 321-322]. Мысалы, кең таралған нұсқаларда «Түстік өмірің болса, күндік мал жи» делінсе, біз зерделеген Тұғрұл қолжазбасында бұл «Күндік өмірің болса, түстік мал жый» қолданысында ұсынылады. Сол сықылды кең таралған нұсқадағы «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат» деген тіркес Тұғрұл нұсқасында «Өзіңде жоқ болса, атаң да жат» деп беріледі.

Бұл қолданыс қазақ дүниетанымындағы «ата» ұғымының айрықша орнын көрсететін тілдік дерек ретінде қарастырылуы мүмкін. Мысалы, қазақы түсінікте туған жер ұғымы да түпкі бастау «ата» ұғымы арқылы беріледі. Атақоныс, атажұрт, ата-баба – бұлар қазақ ұғымындағы рухани және тарихи байланысты білдіретін тірек сөздер. Сондықтан бұл айырмашылықты тек лексикалық өзгеріс ретінде емес, дүниетанымдық мазмұнмен байланысты құбылыс ретінде де бағалауға болады.

«Олар айтқан емес, ол тірлік. Көкірек, көңілі тірі болса, соны айтады» [8, 50]. Кең таралған нұсқада: «Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады» - деп беріледі. Бізге жеткен нұсқада тірлік (тіршілік) түсінігіне сыртқы сипаттағы әрекеттерді жатқыза отырып, оларды жоққа шығару мағынасы басым.

Ал Тұғрұл нұсқасында тірлік ұғымы оң бағаланып, шынайы мәнге ие болатыны, бірақ оны түсіну үшін көкірек пен көңілдің тірі болуы қажет екені алдыңғы орынға шығарылады. Бұл жерде Абай тіршіліктің мәнін сыртқы әрекеттен емес, ішкі рухани күйден (хәлден) іздейді. Тұғрұл редакциясында «Олар айтқан емес, ол тірлік» деген құрылым, сыртқы ортада жүрген пенделік тіршілікті емес, көкірек көзі ашылған адам ғана тани алатын рухани өмірді меңзейді. Сөйтіп, көкірегі, көңілі тірі адам ғана сол тірлікті айта алып, шынайы мәнін түсініп, соны өмірде жүзеге асырады. Аталған мысал мәтіндік дәлдіктің Абайдың философиялық лексикасын түсіндірудегі рөлін көрсетуге мүмкіндік береді.

«Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. ...Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген бізден хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білмесек те білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, құры күре тамырымызды адырайтып кетеміз» [8, 52]. «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады...» деп басталатын сөзде қазіргі таралған басылымдарда «да» шылауы түсіп қалып, «Жас бала анадан туғанда...» деп берілген. Бұл өзгеріс сөйлемнің ырғағын ғана өзгертіп қоймай, семантикалық ерекшелігіне әсер етеді. Абайдың түпнұсқа мәтінінде «да» шылауы бала мен ересек адамның салыстырмалы ахуалын меңзейді. «Құр көзбенен көрген бізден хайуан малдан неміз артық?» деген сөйлемде кейінгі жинақтарда «бізден» сөзі «біздің» деп беріліп, сөйлемнің мағыналық құрылымы бұзылған. Бұл өзгеріс логикалық және грамматикалық тұрғыдан қисынға келмейді. Себебі: «Біздің» – иелік мән береді, яғни бір заттың иесін білдіреді. Ал «бізден» – салыстыру мәні бар, екі объектіні (адам мен хайуанды) қарсы қойып салыстырады. Қолжазбадағы нұсқа автордың бастапқы ойын қалпына келтіру тұрғысынан назар аударуға тұрарлық. Мәтіндегі ең маңызды лексемалардың бірі – «құры» сөзі. «Құры күре тамырымызды адырайтып

кетеміз» деген сөйлемде кей нұсқаларда бұл сөз ұшыраспайды. Алайда «құры» сөзі қазақ тілінің поэтикалық және ауызекі қолданысында «жай», «бос» деген мән үстейді. Бұл сөз Шәкерім шығармаларында да кездеседі: «Құры көзбен қарасам, қызығады ой тентек...», сондай-ақ Мұқағали Мақатаев поэзиясында да: «Қоңыр үй құры томсарып...» [13, 426]. Бұл деректер «құры» сөзінің көркем әдебиеттегі және сөйлеу тіліндегі тұрақты қолданыс екенін көрсетеді. Сондықтан, «құры күре тамыр» тіркесі – жай ғана физиологиялық сипаттама емес, ішкі қуаттың бекерге, мағынасыз күйіп кетуін білдіретін поэтикалық бейнелеу.

«Екіншісі; кітаптан оқу бірлән яки есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық беку керек. Бәлки біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иманы тақлиди дейміз». «Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз» [8, 56]. Абай қолданысындағы беку сөзі – түбірі бек етістігінен туындаған, мағынасы «бері бекіну», «шешімге келу», «нану», «қатты сену». Бұл сөздің мағыналық өрісі тек физикалық «беріктік» емес, сонымен қатар ішкі рухани тұрақтылықты да білдіреді. Сол себепті беку – контекст жағынан берік боларға тіркесінен гөрі тереңірек және нақтырақ. «Берік боларға» – кейінгі көшірушілердің немесе түсіндіріп жазғандардың ықпалымен пайда болған нұсқа. Ол сыртқы формада дұрыстай көрінгенімен, «иман келтіру» ұғымындағы ішкі бекініс, сенімнің орныуы сияқты ойды толық жеткізбейді. Абайдың стильдік ерекшелігі – рухани ұғымдарды нақты, әрекеттік етістіктер арқылы беру (ойлану, беку, қылу, табу, ұғыну т.б.). Сол себепті «беку» формасын мағыналық және тарихи-тілдік тұрғыдан бастапқы қолданысқа жақынырақ нұсқа ретінде қарастыруға негіз бар.

«Әуел; иманның иғтиқадын махкәләмәк керек, екінші; үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқталмай, үйрене беруге керек» [8, 58].

«Әуелі; иманның иғтиқатын махкамлемек керек, екінші; үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене беруге керек» [11].

Махкәләмәк (ар. < احكم ال) сөзі түпнұсқадағы «мухкем» түбірінен шыққан. Бұл сөз исламдық құқықтық-теологиялық дәстүрде (усул әд-дин, усул әл-фиқһ) айқын, анық мағыналы, басқа түсіндірмелерді қабылдамайтын қағидаларға қатысты қолданылады. Махкәләмәк; бекіту, беріктеу, бекемдеу <ар.احكم ال берік, бекем; фиқһ әдіснамасында (усул әд-деңде) мағынасы анық, басқа мағынаны қабылдамайтын, айқын мағыналы аят пен хадистерге қатысты қолданылатын, анықтығы жағынан ең жоғарғы дәрежедегі сөз түрін білдіретін термин [14, 42-44].

Тұғрұл оны махкәләмәк түрінде жазып, сөзді қазақ фонетикасына бейімдеген. Мұнда бастапқы кәм- буынындағы «м» әрпі түсіп, кә- түрінде айтылған, бұл құбылыс қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес келеді.Осы сияқты фонетикалық ықшамдау дәрүлхарб сөзінде де байқалады [15, 536-537]: Тұғрұл нұсқасында ол дәүлхарб түрінде беріледі. Мұнда араб тіліндегі «р» дыбысы түсіп қалып, қазақ тіліндегі буын үндестігі мен дыбыстық жеңілдік заңына бейімделген. Келтірілген деректер қазақ жазба дәстүріндегі тілдік бейімделу құбылысының көрінісі ретінде түсіндіріледі. Абай араб-парсылық терминдерді сол қалпында емес, қазақтың айтылым және дыбыстық құрылымына сәйкестендіріп қолданған. Мұндай ерекшеліктер Абай қолданысындағы ұлттық тілдік сипаттарды айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ ауыл малын жеке-жеке бақпай, бір ауыл ішіндегі шаңырақтар кезектесіп бағып отырған. Жылқыны үйірге, сиырды табынға, қой мен ешкіні отарға қосса, түйені келеге қосқан және әрқайсысын сақтайды деп сенген пірлері бар.

Қазақ халқы жанымен сүйген жылқы малына қатыстырып ортадан алыстап қалған жанды «үйірінен адасты» дейді. Ал отарынан немесе табынынан адасты деген тіркесті кездестірмейміз. Жылқыны қалай қадірлесе, түйені де солай кие тұтқан ел түйе малының терісін баспай, сүтін дәру тұтқанбыз. Кие тұтқан түйенің тобыры жайлы да тіркес жоқ емес, тек көп қолданылмағасын актив қабаттан пассив қабатқа өтіп кеткен. Біз жұмбақтап отырған тіркес Абайдың 16-сөзінде ұшырасты. Бұл – «келеге салу» тіркесі. Мағынасы – ортаға, топқа салу, ақылдасу, бірігу, мәмілеге келу сөздерімен мәндес. Біз бұдан жылқы малына қатысты тіркес мәнімен үндес коннотация барын аңғарып отырмыз. «Үйір» мен «келе» сөздері бірігу, топтасу, ақылдасу, келісім семаларымен үндес. Аталмыш сөздер қатысқан тіркестерді көргенде не қолданғанда жоғарыда айтқан мазмұндық өрісті есте ұстау қажет.

Абай қолданысында «бір келе салмаған соң» деген айрықша авторлық тұрақты тіркес бар. Ол осыған дейінгі барлық жинақта «берекелесе алмаған соң» деп көрсетілген. Дегенмен кейінгі басылымдарда бұл тіркестің «берекелесе алмаған соң» түрінде орныңу себептері арнайы талдауды қажет етеді. Жинақталған деректер негізінде аталған тіркесті «бір келеге салу», «ортаға салу», «мәмілеге келу» мағыналарымен байланысты қарастыруға болады.

Қорытынды

Зерттеу барысында Тұғрұлдың түпнұсқа қолжазбасы мен кейінгі басылымдардағы мәтіндер салыстырылып, Абай Құнанбайұлының «Ғақлия» кітабында кездесетін бірқатар байырғы лексикалық бірліктер қайта қарастырылды. Салыстыру барысында қолжазба мәтіні мен кейінгі басылымдар арасында лексикалық, фонетикалық және семантикалық деңгейдегі бірқатар айырмашылықтар анықталды.

Талдау кезінде «инанмаққа салмаса», «айыққан кезінде», «бір келе салмаған соң», «беку», «махкәләмәк» сияқты қолданыстардың кейінгі жарияланымдарда өзгеше берілгені анықталды. Бұл ерекшеліктердің басым бөлігі мәтіннің сыртқы формасына ғана емес, оның мағынасына да әсер етеді. Сондықтан мұндай деректерді ескеру Абай шығармаларының бастапқы мазмұнын дәлірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қолжазба деректері Абай тіліндегі байырғы сөздер мен тұрақты тіркестердің бастапқы қалпын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында қарастырылған мысалдар Тұғрұл қолжазбасының мәтінтанулық тұрғыдан маңызды дереккөз екенін және оны абайтану зерттеулерінде кеңінен пайдалану қажеттігін көрсетеді.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер Абай мәтіндерінің жекелеген тұстарын нақтылауға негіз болады. Сонымен қатар олар болашақта қолжазба мен кейінгі басылымдарды кешенді түрде салыстыруға бағытталған зерттеулерді жалғастырудың өзектілігін айқындайды.

Қаржыландыру. Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті 2024-2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» гранты бойынша қаржыландыратын «Абайдың Ғақлиясын жаңаша пайымдау және орыс тіліне тәржімелеу» (AP22688129) жобасы аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметова, А., Бейлур, С., Жайлыбай, Д., Жүнісбаев, А., Қанай, О., Махат, Д. (2021) Абай Құнанбайұлы: сипаттамалы библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Ахмет Ясауи университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты, 1-т., 328 б.

2. Ахметова, А., Бейлур, С., Жайлыбай, Д., Жүнісбаев, А., Қанай, О., Сыламхан, Е. (2021) Абай Құнанбайұлы: сипаттамалы библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Ахмет Ясауи университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты, 2-т., 655 б.

3. Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы (2025). Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 5 қараша 2025 жыл. Available via the link: https://www.akorda.kz (Accessed: 03.01.2026).

4. Нұрғалиев, Р. (бас ред.) (1995) Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра баспасы.

5. Байғалиев, Б. (2001) Абай өмірбаяны архив деректерінде. Алматы: Арыс баспасы.

6. Бутеев, Б.О. (2025) «Перевод и анализ первого слова “Книги назиданий” Абая», Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Филология, 152, 3, стр. 287–304.

7. Бутеев, Б.О. (2025) «Смех между Востоком и Западом: Абай Кунанбайулы и Анри Бергсон», Журнал ЕАГИ, 4, стр. 200-207.

8. Şahin, İ., Buteyev, B. (2025) Akıl Yolu. Abay Kunanbayulı. İstanbul: Ötüken Neşriyat.

9. Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар: ғылыми-инвентарлық каталог (2020). Алматы: Интеллсервис, 1-кітап, 820 б.

10. Qunanbai uly, A. (1933) Tolyq çyjnaq. Çyjnavcy: Əvez uly Muqtar. Qarap cyqyp səz basyn çazgan: Çansygur uly İlijas. Kzyl-Orda: Гостипография № 1, Qazaqstan baspasy, 409 b.

11. Петек, Е. (2020) Абай Құнанбайұлы – Ғақлия кітабы (Қара сөздер): грамматика, транскрипция, грамматикалық индекс, қолжазба. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Ұлағат, 294 б.

12. Құрманбайұлы, Ш., Әділов, М. (2020) Абай тілінің ерекшеліктері. Алматы: Сардар.

13. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық (2011). Алматы.
14. Başoğlu, T. (2006) Muhkem. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, 31-т.
15. Özel, A. (1993) Dârülharp. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, 8-т.
16. Әлімбай, Н. және т.б. (2011–2014) Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. Алматы, 5 томдық.

Б.О. Бутеев
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
(E-mail: bateu.astana@yandex.kz)

Исконная лексика в «Книге назиданий» Абая: текстологическо-сопоставительное исследование на основе рукописи Тугрула

Аннотация. В статье исследуются архаические лексические единицы, зафиксированные в книге «Ғақлия» Абая Кунанбайулы, на основе рукописи Тугрула Абайулы. В ходе исследования текст рукописи сопоставлен с рукописными копиями, выполненными Мурсейтом Бикиулы в 1906, 1907 и 1910 годах. Сравнительный анализ выявил ряд лексических, фонетических, морфологических и семантических расхождений между рукописными источниками.

Установлено, что отдельные чтения, закрепившиеся в последующих изданиях, отличаются от вариантов, представленных в рукописи Тугрула. Рассматриваются особенности употребления и семантики таких единиц, как «инанмаққа салмаса», «айыққан кезінде», «жас бала да анадан туғанда», «бір келе салмаған соң» и других. Анализ рукописных данных показывает, что указанные различия имеют значение для интерпретации языковых особенностей и авторского замысла Абая.

Результаты исследования позволяют уточнить отдельные текстологические аспекты «Ғақлия кітабы» и определить значение рукописи Турагула как одного из важных источников при изучении истории текста произведения.

Ключевые слова: Абай, «Ғақлия» (Слова назидания), рукопись Тугрула, рукопись Мурсейта, текстология, архаическая лексика, абаеведение, культурное наследие, перевод

B.O. Buteyev
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: bateu.astana@yandex.kz)

Native Lexicon in Abay's Book of Edification: A Textological and Comparative Study Based on the Tughrul Manuscript

Abstract. This article examines archaic lexical units attested in Abai Kunanbayuly's Book of Edification (Gaqliya Kitaby) on the basis of Tugrul's manuscript. The study compares this manuscript with the manuscript copies produced by Murseit Bikiuly in 1906, 1907, and 1910. The comparison reveals a number of lexical, phonetic, morphological, and semantic discrepancies between the manuscript sources.

The analysis shows that some readings established in later editions differ from the variants preserved in Tugrul's manuscript. Particular attention is paid to lexical units such as "inanmaqqa salmasa", "aiyqqan kezinde", "jas bala da anadan tuganda", and "bir kele salmagan son". The manuscript evidence demonstrates that these variants are significant for understanding both the linguistic features of the text and the authorial intention.

The findings contribute to the clarification of several textual issues related to the Ghaqliya and highlight the importance of Tugrul's manuscript as a valuable source for reconstructing the textual history of Abai's work.

Keywords: Abai, Ghaqliya, Tugrul manuscript, Murseit manuscripts, textual criticism, archaic vocabulary, Abai studies, cultural heritage, translation

References

1. Ahmetova, A., Beilur, S., Zhailybai, D., Zhunisbaev, A., Kanai, O., Mahat, D. (2021) Abai Kunanbaiuly: sypattamaly bibliografiyalyk korsetkish. Almaty: Akhmet Yassawi University Eurasia Scientific Research Institute, Vol. 1, 328 p. [in Kazakh]
2. Ahmetova, A., Beilur, S., Zhailybai, D., Zhunisbaev, A., Kanai, O., Sylamkhan, E. (2021) Abai Kunanbaiuly: sypattamaly bibliografiyalyk korsetkish. Almaty: Akhmet Yassawi University Eurasia Scientific Research Institute, Vol. 2, 655 p. [in Kazakh]
3. Qazaqstan Respublikasynyn ishki sayasatynyn negizgi qagidattaryn, qundylyqtary men bagyttaryn bekitu turaly (2025). Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy, 5 qarasha 2025 zhyl. Available via the link: https://www.akorda.kz (Accessed: 03.01.2026). [in Kazakh]
4. Nurgaliev, R. (bas red.) (1995) Abai. Entsiklopediia. Almaty: Atamura baspasy. [in Kazakh]
5. Baigaliev, B. (2001) Abai omirbaiany arkhiv derekterinde. Almaty: Arys baspasy. [in Kazakh]
6. Buteyev, B.O. (2025) «Perevod i analiz pervogo slova “Knigi nazidanii” Abaia», Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriia: Filologiia, 152, 3, str. 287-304. [in Russian]
7. Buteyev, B.O. (2025) «Smekh mezhdu Vostokom i Zapadom: Abai Kunanbaiuly i Anri Bergson», Zhurnal EAGI, 4, str. 200-207. [in Russian]
8. Şahin, İ., Buteyev, B. (2025) Akıl Yolu. Abay Kunanbayulı. İstanbul: Ötüken Neşriyat. [in Turkish]
9. Abaidyn omirbaiany men shygarmashylygy turaly tupnusqa qolzhazbalar: gylymi-inventarlyq katalog (2020). Almaty: Intellservis, 1-kitap, 820 b. [in Kazakh]
10. Qunanbai, A. (1933) Tolyq zhinaq. Zhinauzhy: Auezuly Muqtar. Qarap shygyp, soz basyn zhazgan: Zhansuguruly Iliias. Kzyl-Orda: Gostipografiia № 1, Qazaqstan baspasy, 409 b. [in Kazakh]
11. Petek, E. (2020) Abai Qunanbaiuly – Gakliia kitaby (Qara sozder): grammatika, transkriptsiia, grammatikalyq indeks, qolzhazba. Almaty: Abai atyndagy QazUPU, Ulagat, 294 b. [in Kazakh]
12. Qurmanbaiuly, Sh., Adilov, M. (2020) Abai tilinin erekshelikteri. Almaty: Sardar. [in Kazakh]
13. Qazaq adebi tilinin sozdigi: on bes tomdyq (2011). Almaty. [in Kazakh]
14. Başoğlu, T. (2006) Muhkem. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, C. 31. [in Turkish]
15. Özel, A. (1993) Dârülharp. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, C. 8. [in Turkish]
16. Alimbai, N. zhane t.b. (2011–2014) Qazaqtyn etnografiialyq kategoriialary, ugymdary men ataularynyn dasturli zhuyesi: entsiklopediia. Almaty, 5 tomdyq. [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Бутеев Б.О. – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Бутеев Б.О. – PhD, ведущий научный сотрудник Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Buteyev B.O. – PhD, Researcher of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/).